

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

КУШТАЕВ ДИДАР ТЕМИРГАЛИЕВИЧ

Қылмыстық процесте ұйқамас түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану:
жағдайы, проблемалары және перспективасы

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға
диссертация

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері
кафедрасының доценті,
С.А.Августхан
Phd докторы, әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мәселелерін кешенді түрде талдауды қарастырады. Зерттеу барысында осы институтты реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге, шетел тәжірибесіне талдау жасалып, қазіргі құқықтық жағдайындағы заңнамалық және практикалық мәселелері анықталды. Жинақталған мәліметтер негізінде оларды шешу жолдары мен заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді.

РЕЗЮМЕ

Диссертационное исследование предусматривает комплексный анализ вопросов применения меры пресечения в виде домашнего ареста, предусмотренной уголовно-процессуальным законодательством Республики Казахстан. В ходе исследования был проведён анализ нормативно-правовых актов, регулирующих данный институт, а также зарубежного опыта. Выявлены законодательные и практические проблемы, существующие в текущей правовой ситуации. На основе собранных данных были разработаны предложения по их решению и по совершенствованию законодательства.

SUMMARY

The dissertation research provides a comprehensive analysis of the issues related to the application of house arrest as a preventive measure under the criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan. During the study, the regulatory legal acts governing this institution and international practices were analyzed, and legislative and practical problems within the current legal framework were identified. Based on the collected data, proposals were developed to resolve these issues and improve the legislation.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҰЙҚАМАҚ ТҮРІНДЕГІ БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	
1.1 Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды құқықтық реттеу	13
1.2 Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың халықаралық тәжірибесі.....	19
1.3 Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың жай – күйінің өзектілігі	24
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДА ҮЙДЕ ҚАМАУ ТҮРІНДЕГІ БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ	
2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың өзекті мәселелері.....	33
2.2 Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың тиімділігін арттыру үшін қажетті құқықтық және практикалық шаралар.....	39
ҚОРЫТЫНДЫ.....	56
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	58
ҚОСЫМША.....	61

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (2014 жылғы 4 шілде №231-V ЗРК).
3. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Конституциялық заңы (2022 жылғы 5 қараша №155-VII ЗРК).
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №1 «Бұлтартпау шараларын санкциялау туралы» нормативтік қаулысы.
5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 29 тамыздағы №564 бұйрығы «Үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау ережелерін бекіту туралы».
6. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы 45/110 қарары «Түрмеге қамаумен байланысты емес шаралар туралы БҰҰ-ның ең төменгі стандарттық ережелері» (Токио ережелері).
7. Еуропалық адам құқықтары және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция (1950 жылғы 4 қарашада қабылданған).
8. Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңы (2013 жылғы 21 мамыр №94-V).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұлтартпау шаралары – күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының тергеу мен сот талқылауына кедергісіз қатысуын қамтамасыз ету, олардың құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауының алдын алу мақсатында қолданылатын қылмыстық іс жүргізудегі процессуалдық мәжбүрлеу шараларының бірі.

Ұйқамақ – соттың немесе тергеу судьясының қаулысы негізінде күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының тұрғын үйден рұқсатсыз шығуына, байланыс құралдарын пайдалануына, белгілі бір тұлғалармен байланыс орнатуына және басқа да іс-әрекеттеріне шектеу қойылатын, қамауға балама бұлтартпау шарасы.

Электрондық бақылау құралдары – күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты белгіленген шектеулердің орындалуын бақылау мақсатында қолданылатын GPS-трекерлер, мобильдік қосымшалар немесе басқа да техникалық құралдар.

FSM «Ұй қамақ» мобильді қосымшасы – ұйқамақ шарасын бақылау үшін арнайы әзірленген цифрлық платформа, ол күдіктінің немесе айыпталушының орналасқан жерін және олардың шектеулерді сақтауын бақылауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық-процестік кодекс – қылмыстық процестің жүргізілу тәртібін, қылмыстық істер бойынша тергеу, айыптау және сот төрелігін жүзеге асыру ережелерін айқындайтын негізгі құқықтық акт.

Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары – қылмыстық іс жүргізу барысында заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу сипатындағы шаралар.

Қоғамдық бақылау – мемлекеттен тәуелсіз қоғамдық ұйымдар немесе өкілетті органдар тарапынан қылмыстық процесте заңдылық пен адам құқықтарының сақталуын қадағалау жүйесі.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
FSM	«Үй қамақ» Үйқамақтағы тұлғаларды бақылауға арналған мобильді қосымша (Field Security Management «Үй қамақ»)
GPS	Ғаламдық позициялау жүйесі (Global Positioning System)
ЖС	Жоғарғы Сот
ІІМ	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
БП	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар
ЦОД	Деректерді өңдеу орталығы (Центр обработки данных)
ОМ	Омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл)
ТМҚ	Телекоммуникациялық құралдар

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Адам, оның құқықтары мен бостандықтары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттің басты құндылықтардың бірі ретінде танылады. Дегенмен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңда көзделген шекте шектелуі мүмкін.

Өз кезегінде, қамаққа алу құқық бұзушыға нақты әсер ету құралы болып табылса, ал ізгілендіру саясатында құқық бұзушыға жеңіл әрі әсерлі өзге бұлтартпау шараларын қолдану қажеттілігі туындауда. Осы негізде ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мәселесі өзекті тақырыптардың бірі екендігін көрсетеді.

Ұйқамақ — бұл күдікті немесе айыпталушы тұлғаны қоғамнан толық оқшаулаусыз, оның еркіндігін белгілі бір шектерді қоя отырып, қылмыстық процесс субъектісі ретінде тергеу және сот өндірісіне қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған, қамауға балама және адам құқықтарына барынша аз шектеу қоятын процессуалдық бұлтартпау шарасы болып табылады.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей құқықтық көзқараспен, заң нормалары заман талабына сәйкес жетілдіріліп отыруы қажет. Алайда, аталған институт отандық заңнамада 1997 жылдан бастап қолданысқа енгізілгенімен, тәжірибеде қолдану барысында бірқатар олқылықтар орын алуда. Тиісінше, бұл олқылықтар заңнама талаптарының жеткіліксіздігінен немесе сот тәжірибесінде бірізгілендірудің болмауынан орын алатындығын көрсетеді.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде ұйқамақ қолдану тәртібі тек шектелген және жалпы сипатта ғана берілген. Шектеу түрлері, бақылау әдістері, шарттардың бұзылуына жауаптылық, техникалық құралдарды пайдалану тетіктері нақты регламенттелмеген. Бұл құқық қорғау және сот органдары арасында әртүрлі интерпретация мен құқық қолдануда ала-құлылыққа әкеліп соғады.

Екіншіден, ұйқамақты бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі оның тиімділігіне күмән тудырады. Қазіргі уақытта FSM «Ұй қамақ» сияқты мобильді қосымшалар тек пилоттық негізде ғана іске қосылған, ал ел көлемінде мұндай цифрлық бақылау жүйелері кеңінен қолданылмайды.

Үшіншіден, ұйқамақтың шарттарын бақылау және бұзушылықтың алдын алу үшін құқық қорғау органдарының ресурстары — кадрлық, техникалық және ұйымдастырушылық — жеткіліксіз. Бұл өз кезегінде қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың заңмен көзделген шектеулерді елемей немесе бұзуы қаупін арттырады.

Төртіншіден, ұйқамақтың әлеуметтік аспектісі де назардан тыс қалмауы тиіс. Тұрақты мекенжайы жоқ немесе әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін

бұл шараны қолдану мүмкін болмай қалуы, олардың құқықтарының теңдігін бұзады.

Сонымен қатар, үй жағдайындағы ұзақ мерзімді оқшаулау тұлғаның психоэмоционалдық жағдайына кері әсер етуі мүмкін, ал бұл тергеуге немесе сотқа қатысу сапасына ықпал етеді. Бесіншіден, ұйқамақ шарасының тиімділігіне баға беретін объективті көрсеткіштер — қайталама құқық бұзушылық деректері, сотқа келу тәртібінің сақталуы, азаматтардың қанағаттану деңгейі — іс жүзінде қолданылмайды. Бұл шараның нәтижелілігін жүйелі түрде бағалау мен талдаудың жоқтығы құқықтық саясатты тиімді жүргізуге кедергі келтіреді

Мәселені шешу жолы ретінде бұлтартпау шарасын орындауды бақылауды күшейту үшін цифрлық технологияларды әзірлеу және енгізу ұсынылады.

Бұлтартпау шаралары – мәжбүрлеу құралдарының ерекше түрі, олардың қолданылуы адамның мүдделеріне, еркіндігі мен құқықтарына әсер ететін шаралар кешенін қамтиды. Ұйқамақ пен қамау бұлтартпау шараларының ең қатаң түрлерінің қатарына жатады.

«Біздің еліміздің әрбір азаматы еркіндікке және жеке басының қол сұғылмаушылығына құқылы», «ешкім жүріп-тұру еркіндігінен айырыла алмайды» - деген халықаралық азаматтық және саяси құқықтық нормалар Қазақстан Республикасы Конституциясымен және басқа да құқықтық актілермен бекітілген. Сонымен қатар, азаматтарды қамауға алу, олардың туыстық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да құқықтары мен еркіндіктерін шектеу қажеттілігі мен орындығы туралы сұрақтар көтеріледі.

Бұлтартпау шараларының қолданылуын талдау нәтижесінде алдын ала тергеу органдары көбінесе жүріп-тұруға тыйым салу және тиісті тәртіпті сақтау міндеттемесін қолданатыны анықталды.

2020 жылы бұлтартпау шарасы 120 адамға, 2021 жылы – 182, 2022 жылы – 193, 2023 жылы – 160, ал 2024 жылы – 215 адамға қолданылған (1-кесте).

Кесте 1 - Бұлтартпау шараларының түрлері

Бұлтартпау шараларының түрі	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.	2024ж.
Кепіл	0	0	0	0	0
Қолхат	48	72	81	61	74
Ұйқамақ	2	9	18	7	8
Қамау	69	101	94	91	120
Кәмелетке толмағандарды қарауға беру	0	0	0	1	3
Әскери қызметшілерді тапсыру	0	0	0	0	0

ҚР Қылмыстық - процестік (ҚПК) 146-бабының 1-бөлігіне сәйкес ұйқамақ – бұл күдіктіні, айыпталушыны қоғамнан оқшаулап, бірақ қамауға алмай, сот белгілеген шектеулерді қолдана отырып жүзеге асырылатын бұлтартпау шарасы.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі жағдайын бағалау. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік жүйесінде ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану институты өзінің құқықтық және практикалық маңыздылығын арттыруда. Бұл институт қылмыстық процестің ізгіленуіне бағытталған, бостандықтан толық айырудың орнына балама шектеу шараларын енгізу арқылы адамның конституциялық құқықтарын сақтау мақсатына қызмет етеді.

Алайда, ғылыми проблеманың қазіргі жай-күйіне талдау жасағанда, ұйқамақ шарасын қолдану саласында бірқатар жүйелі мәселелер айқындалып отыр. Біріншіден, заңнамалық регламентация толық емес: ҚПК-нің 146-бабы ұйқамақтың жалпы мазмұнын анықтағанымен, оны қолдану тәртібі мен нақты шектеулердің мазмұны жеткілікті нақтыланбаған. Бұл құқық қорғау органдары мен сот органдарының арасындағы құқық қолдану тәжірибесінің ала-кұлылығына әкеліп отыр.

Екіншіден, техникалық құралдар арқылы қадағалау мүмкіндігі шектеулі. Цифрлық бақылау жүйелері (мысалы, FSM «Ұй қамақ») әлі де болса пилоттық деңгейден аса алмай отыр, ал бұл — ұйқамақ шарасының тиімділігі мен орындалу кепілдігін төмендететін фактор.

Үшіншіден, ұйқамақты қолдану кезінде әлеуметтік теңсіздік туындайды: тұрақты мекенжайы немесе тұрғын үйі жоқ тұлғаларға бұл шараны қолдану мүмкін емес, бұл олардың бостандық құқығының сақталуына тікелей әсер етеді.

Төртіншіден, қазіргі таңда ұйқамақтың тиімділігін бағалауға арналған индикаторлар мен құқықтық мониторинг жүйесі дамымаған. Бұл жағдай ғылыми негізделген саясат жүргізуге, құқықтық реттеуді дәлелді түрде жетілдіруге кедергі келтіреді.

Осыған байланысты, шешілетін ғылыми мәселе — ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын құқықтық тұрғыдан жан-жақты регламенттеу, оның қолданылу тәртібі мен тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу, сондай-ақ цифрлық және әлеуметтік қолдау механизмдерін құқықтық жүйеге енгізу қажеттігінде болып отыр. Бұл міндетті шешу қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, процестің заңдылығы мен әділеттілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеудің мақсаты. Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындаудағы мәселелерді анықтау және оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың құқықтық аспектілерін зерттеу;

- Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын реттеу мәселелеріне қатысты шет мемлекеттердің тәжірибесін талдау жүргізу;
- Отандық заңнама мен сот-тергеу практикасын жетілдіруге ұсыныстар енгізу.

Зерттеу объектісі. Қылмыстық процестік заңнама негізінде құқық бұзушыға ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау, тағайындау және орындаудағы құқықтық қатынас.

Зерттеу тақырыбы. Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын құқықтық реттеу негіздері мен тәртібін реттейтін қылмыстық-құқықтық, аталған институтты реттейтін өзге де нормалар және шетел мемлекеттерінің тәжірибесі кұрайды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеу барысында талдау, салыстырмалы құқықтану, дедукция, тарихи-құқықтық, техникалық-заңдық, социологиялық, статистикалық әдістер қолданылады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шараларының жұмысын ілгерілету мақсатында цифрлық жүйені құрастырып заңнамаға енгізуді ұсыну.

Зерттеу жұмысының ғылыми негізділігі, ең алдымен, оның мақсаттары мен міндеттерінің заманауи құқық ғылымының талаптарына және Қазақстан Республикасының құқықтық саясатындағы стратегиялық бағыттарға сәйкестігімен айқындалады. Бұл диссертацияда ұйқамақ институты тек құқықтық реттеу нысаны ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның конституциялық құқықтарын қорғау тетігі, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін құрал және мемлекеттің құқық қорғау функциясын іске асырудағы балама процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде қарастырылды. Мұндай кешенді әрі көпқырлы тәсіл зерттеу нысанына объективті, жан-жақты және терең ғылыми көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұйқамаққа қатысты қолданылып жүрген заңнамалық нормалар, олардың теориялық-ұғымдық мазмұны, қолдану практикасы және халықаралық тәжірибемен өзара байланысы ғылыми таным әдістері арқылы сараланып, құрылымдалды. Жұмыста құқықтық салыстырмалы талдау, тарихи-құқықтық шолу, логикалық-дедуктивтік ой қорытындылау, құқықтық мониторинг, социологиялық зерттеу және статистикалық мәліметтерді жүйелеу сияқты әдістер кешені қолданылды. Бұл зерттеу әдістері ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының құқықтық табиғатын тереңірек түсінуге, заңнамалық кемшіліктер мен практикадағы қайшылықтарды ғылыми негізде анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ғылыми жаңалықтың элементі ретінде диссертацияда ұйқамақ институтының авторлық тұжырымдамасы мен анықтамасы ұсынылды. Осы арқылы ұйқамақтың қылмыстық-процестік шара ретіндегі орны мен мәні нақты сараланып, оны құқықтық реттеуде ескеруге тиісті белгілер мен қағидаттар ұсынылды. Бұдан бөлек, FSM «Ұй қамақ» мобильді қосымшасы мен

Smart Arrest жүйесіне қатысты практикалық ұсынымдар мен цифрлық технологиялардың ғылыми-теориялық негізделуі – бұл зерттеудің заманауи құқық ғылымындағы қолданбалы құндылығын арттыра түседі.

Зерттеудің ғылыми негізділігі сонымен қатар халықаралық және отандық құқық ғылымындағы беделді еңбектер мен құқықтық актілерге сүйену арқылы да қамтамасыз етілді. Жұмыста БҰҰ, Еуропа Кеңесі, ЕҚЫҰ, сондай-ақ АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Ресей және скандинав елдерінің қылмыстық әділет жүйелеріндегі баламалы бұлтартпау шараларын қолдану тәжірибесі негізінде салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді. Бұл – Қазақстандағы ұйқамақ институтын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және оны құқықтық жүйеге тиімді бейімдеу жолдарын ұсыну үшін ғылыми дәлелдер мен нақты мысалдарға негізделген қорытындылар жасауға жол ашты.

Сондай-ақ, зерттеу барысында алынған мәліметтер мен тұжырымдар Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен ішкі істер органдары тарапынан қолданысқа енгізілу мүмкіндігіне ие, бұл жұмыстың практикалық маңыздылығымен қатар, оның ғылыми дәлдігін, негізділігін де айғақтайды. Зерттеудің теориялық-методологиялық негізі ретінде отандық және шетелдік заң ғылымы саласындағы жетекші ғалымдардың еңбектері, ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, министрлік бұйрықтары, сондай-ақ құқықтық статистика және аналитика құралдары пайдаланылды.

Қорғауға шығарылатын ережелер.

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 146-бабы 1-бөлігінің мәтініне келесідей өзгерту ұсынамыз:

«Ұйқамақ – күдікті, айыпталушы немесе сотталушыны қоғамнан толық оқшауламай, оның бостандығына белгілі бір шектеу қою арқылы тергеу мен сотқа қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған бұлтартпау шарасы».

2. Техникалық құрылғыларды пайдалану тұрғысынан АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланд секілді шетел мемлекеттерінің озық тәжірибесін алып, алғашқы елімізде ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануда «Smart Arrest» мобильді қосымшасын қолдануды ұсынамыз.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 қыркүйекте № 9741 бірлескен бұйрықпен бекітілген «Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау қағидасын бекіту туралы» қағиданың 2 тармағына келесідей толықтыру енгізу ұсынылады:

«Smart Arrest» - ұйқамақтағы тұлғаларды электронды түрде бақылауды, сот пен құқық қорғау және арнайы органдар арасындағы ақпараттық өзара байланысты және бұзушылыққа автоматты әрекет ету тетігі қарастырылған бірыңғай ақпараттық-аналитикалық жүйе.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қудалау қызметінің практикалық жұмысына енгізілді.

1. Қазақстан республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының қазіргі жай-күйі және қолданылуын құқықтық реттеу

1.1 Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды құқықтық реттеу

Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды құқықтық реттеу – қазіргі қылмыстық іс жүргізудегі маңызды әрі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл институттың мазмұны мен мәнін толыққанды түсіну үшін оның құқықтық табиғатын, даму тарихын, қолданыстағы заңнамалық базасын, сот тәжірибесін, ғылыми тұжырымдамалар мен шетелдік тәжірибелерді ескеріп кешенді талдау жасау қажет.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде ұйқамақ бұлтартпау шараларының бірі ретінде алғаш рет 1997 жылғы редакцияда енгізілген. Бұған дейін, яғни Қазақ КСР-інің 1959 жылғы ҚПК-де бұлтартпау шараларының ішінде ұйқамақ қарастырылмаған болатын. Бұл қадам – Қазақстанның адам құқықтары мен бостандықтарын сақтауға бағытталған халықаралық стандарттарға жақындауға ұмтылысының бір көрінісі. Атап айтқанда, бұл шараны енгізу БҰҰ-ның бас бостандығынан айырумен байланысты емес шаралар жөніндегі Ең төменгі стандарттық ережелеріне (Токий ережелері) және Еуропалық адам құқықтары жөніндегі конвенцияның талаптарына сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылған [1].

Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 146-бабында регламенттелген. Бұл нормаға сәйкес, ұйқамақ — адамның тұрғын үйден шықпауына, байланыс құралдарын пайдаланбауына, белгілі тұлғалармен байланыс орнатпауы мен белгілі мекендерге бармауына шектеу қою арқылы оның бостандығын уақытша шектеу болып табылады. Бұл шараны тергеу судьясы не сот тергеу органының немесе прокурордың ұсынысы негізінде қолдана алады. Ұйқамақтың басты мақсаты — қоғамға қауіп төндіретін тұлғаны оқшаулау емес, оны өз ортасында ұстай отырып, заң бұзушылықтардың алдын алу және процеске қатысуын қамтамасыз ету.

Ғалымдар арасында ұйқамақтың құқықтық табиғатына байланысты түрлі пікірлер бар. Мәселен, белгілі құқықтанушы С.В. Колоскова өзінің еңбектерінде ұйқамақ институтының нормативтік негізінің әлі де толық қалыптаспағанын, заң нормалары мен құқық қолдану тәжірибесінің арасында алшақтық бар екенін атап көрсетеді. Ол сондай-ақ ұйқамаққа қатысты нормаларда құқықтық анықтық пен тетіктердің нақтылығы жетіспейтінін алға тартады. Бұл пікірді қазақстандық ғалымдармен қатар, ресейлік зерттеушілер В.В. Чехович пен М.Э. Червяков та қолдайды. Олар ұйқамақты қолдану кезінде нақты тәртіпті белгілеу, техникалық құралдарды кеңінен енгізу, бақылау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ адам құқығын қорғаудың барлық механизмдерін ескеруді ұсынады [2].

Ұйқамақтың артықшылықтарына келсек, ол гуманистік сипаттағы шара ретінде қамауда ұстауға қарағанда жеңілдеу. Бұлтартпау шарасының бұл түрі мемлекеттің қаржылық шығындарын азайтады, өйткені күдіктіні арнайы мекемеде ұстауға қажетті шығындар болмайды. Сонымен қатар, бұл шара қоғам мен күдіктінің арасындағы байланыс пен әлеуметтік қатынастарды сақтап қалуға мүмкіндік береді, психологиялық және моральдық тұрғыдан жұмсақ тәсіл болып саналады. Бұл туралы құқықтанушы-ғалым Г.И. Баймолдина атап көрсеткендей, ұйқамақ шарасы тұлғаның адамгершілік қадір-қасиетін сақтауға бағытталған және ол процеске қатысушы тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын барынша шектемей-ақ, әділдік принциптерін сақтауға мүмкіндік береді [2].

Алайда ұйқамақтың кемшіліктері де жоқ емес. Оның негізгі мәселесі – бақылау механизмдерінің жеткіліксіздігі. Қазіргі таңда бұлтартпау шарасын орындау жауапкершілігі құқық қорғау органдарына жүктелген, алайда олардың техникалық және адам ресурстары көбінесе жеткіліксіз. Бұл ретте цифрлық технологияларды енгізу — өзекті шешім. Атап айтқанда, Ақтөбе облысында FSM «Ұй қамақ» мобильді қосымшасын қолдану бойынша пилоттық жоба сәтті жүзеге асырылып келеді. Бұл қосымша арқылы күдікті немесе айыпталушының тұрған орнын, уақытын, фотосурет арқылы растау жүйесі енгізілген, бұл құқық қорғау органдарына тиімді бақылау орнатуға мүмкіндік береді.

ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистикасы ұйқамақтың басқа бұлтартпау шараларына қарағанда сирек қолданылатынын көрсетеді. Мәселен, 2021 жылғы деректерге сәйкес, ұйқамақ тек 5,5% жағдайда қолданылған, ал негізгі үлесті қамауға алу (53,4%) және елден кетпеу туралы қолхат (36,1%) алып отыр. Бұл статистика соттардың ұйқамаққа қатысты әлі де сақтықпен қарайтынын білдіреді. Оның себебі ретінде ұйқамақ шарасына қатысты жеткілікті құқықтық түсіндірмелер мен нормативтік базаның жетілмегендігі, тәжірибе жинақталмағаны аталады.

Қазіргі таңда ұйқамақтың қолданылуын жетілдіру үшін келесі бағыттар бойынша құқықтық реттеуді дамыту қажет:

1. **Нормативтік базаны нақтылау:** Ұйқамақтың қолданылу тәртібін, шарттарын, шектеулерін және бақылау механизмдерін нақты әрі егжей-тегжейлі сипаттау қажет. Қолданыстағы ҚПК нормаларын түсіндіретін нормативтік қаулыларды кеңейту ұсынылады.

2. **Техникалық құралдарды қолдануды заңдастыру:** Цифрлық бақылау құралдарын, GPS-трекерлерді, бейнебақылау жүйелерін қолдану ұйқамақтың тиімділігін арттырады. Бұл құралдарды пайдалану ҚПК-де және арнайы ережелерде регламенттелуі тиіс.

3. **Құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру:** Ұйқамақты бақылауды жүзеге асыратын органдардың материалдық-техникалық жабдықталуы мен қызметкерлердің біліктілігі арттырылуы қажет. Сонымен

қатар, олардың қызметіне сыртқы бақылау жүйесін енгізу азаматтық бақылауды қамтамасыз етеді.

4. Сот тәжірибесін жүйелеу: Ұйқамаққа қатысты істер бойынша сот тәжірибесін жинақтап, бірыңғай тәжірибе қалыптастыру керек. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары мен әдістемелік ұсынымдары маңызды рөл атқара алады.

5. Қоғамдық бақылауды дамыту: Ұйқамақтағы тұлғалардың құқықтарының сақталуын қадағалау үшін ҮЕҰ мен қоғамдық кеңестердің қатысуын арттыру қажет.

2014 жылы қылмыстық – процесік кодекске енгізілген Қазақстан Республикасындағы үй қамағы институты сот төрелігі жүйесін ізгілендіру және айыпталушылар үшін жағдайды жақсарту жолындағы маңызды қадам болды. Оны қылмыстық заңнаманы реформалау шеңберінде енгізу жазаны жеңілдету, пенитенциарлық жүйенің жұмысын оңтайландыру және түзеу мекемелерінде қамалғандардың артық санын азайту мақсатын көздеді. Үйде қамауда ұстау айыпталушыларға өздерінің дағдылы өміріне жақын жағдайларда болуға мүмкіндік бере отырып, дәстүрлі қамауға алумен салыстырғанда онша қатаң емес бұлтартпау шарасын білдіреді, бұл олардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді және бас бостандығынан айырудың теріс салдарын азайтады. Сонымен қатар, айқын артықшылықтарға қарамастан, Қазақстанда ұйқамақты қолдану құқықтық регламенттеудің жеткіліксіздігіне, бақылаудың техникалық қиындықтарына және айыпталушылардың әлеуметтік бейімделуіне байланысты бірқатар проблемаларға тап болады. Бұл орын алған проблемаларды анықтау және елдің құқықтық жүйесінің тиімділігін арттыру үшін оларды шешу жолдарын іздеу мақсатында ұйқамақ институтын одан әрі зерттеуді маңызды етеді [4].

2014 жылға дейін Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шаралары іс жүзінде толық көлемде болмаған немесе өте шектеулі түрде қолданылған. Кеңестік кезеңінде және Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қылмыстық-процестік кодекс негізінен қамауға алу, ешқайда кетпеу туралы қолхат және кепілгерлік сияқты дәстүрлі бұлтартпау шараларына сүйенді. Бұлтартпаудың жеке шарасы ретінде үйде қамауда ұстау қолданылып жүрген нормалармен көзделмеген, ал қажет болған жағдайда ол басқа неғұрлым қатаң, бірақ неғұрлым формальды шаралармен ауыстырылатын еді.

Қазақстандағы қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесі осы кезеңде көптеген қылмыстық істерде қолданылған алдын ала қорытындыны пайдалана отырып, қатаң шараларға бағдарланған болатын. Қамауға алу практикасы қылмыстың алдын алу және айыпталушылардың сотқа келуін қамтамасыз ету тәсілі ретінде кеңінен таралып, пайдаланылды. Бұл жүйе тергеу изоляторлары мен мекемелердің толып кетуіне әкеп соқты, бұл сот төрелігі мен пенитенциарлық жүйеге қысым көрсетті. Алайда, 2000 жылдардың соңынан бастап Қазақстанда

неғұрлым ықпал ету шараларына, әлеуметтік шиеленісті төмендетуге және сот төрелігінің жұмысын жақсартуға бағдарланған қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реформалау қажеттілігін түсіне бастады. Жазалау жүйесін ізгілендіруге бағытталған реформалар Қазақстанның бірқатар халықаралық шарттар шеңберінде, оның ішінде адам құқықтары саласында алған халықаралық стандарттары мен міндеттемелерін ескере отырып дамытылды. 2010-шы жылдардан бастап елде кепіл, үйде қамап ұстау және қамауда ұстаудың қатаң түрлерін алмастыратын бас бостандығын шектеудің басқа да тәсілдері сияқты баламалы бұлтартпау шараларына қызығушылық артты. Заңнамаға айыпталушылар үшін құқықтық жағдайларды жақсартуға бағытталған өзгерістер қабылдау маңызды қадам болды, бұл өз кезегінде қоғамға қауіп төндірмейтін және үй жағдайында бақылауда болуы мүмкін адамдарды қамауда ұстаудан босату мүмкіндігін қамтамасыз етті. Осылайша, 2014 жылға дейін үйқамақ дербес бұлтартпау шарасы ретінде заң жүзінде бекітілмеген және соттар бас бостандығынан айыруға балама ретінде бақылаудың басқа да шараларын пайдаланған жағдайларда өте шектеулі түрде пайдаланылған. 2014 жылы толыққанды бұлтартпау шарасы ретінде үйқамақты енгізу қатаң санкциялардың салдарын жеңілдетуге және айыпталушыларды қайта әлеуметтендіру үшін жағдайды жақсартуға бағытталған Қазақстанның қылмыстық - процесік жүйесін жаңғыртудағы маңызды кезең болды [4].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес, сотқа дейінгі іс жүргізу – бұл қылмыстық процесің сот талқылауына дейінгі кезеңі. Осы кезеңде қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы мүмкін фактілерді анықтауға маңызды мәні бар дәлелдер мен мән-жайларды жинау және тексеру іс-шаралары жүргізіледі.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы заң талаптарын орындамаған немесе оны орындамауды болдырмау мақсатында мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін қарастырады. Бұл шаралар азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізу сипатында болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 4-бөліміне сәйкес процессуалдық мәжбүрлеу шараларының түрлері мыналар болып табылады: Күдіктіні ұстау (17-тарау) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес, күдіктіні ұстауды келесі органдар жүзеге асыра алады:

- құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және т.б.

Күдіктіні ұстау сот шешімі немесе тергеуші не анықтаушының қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Оқиға орнында немесе жедел-іздістіру іс-шаралары барысында ұстау сот шешімі немесе тергеушінің қаулысы болмаған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ бұл жағдайда ұсталған адам дереу құзыретті органға берілуі тиіс. Ол орган күдіктіні қамауға алу немесе бас тарту туралы тиісті шешім қабылдайды.

Ұсталған адамға қылмыс жасағаны үшін тағылған айып және оның құқықтары, оның ішінде қорғаушы алу құқығы мен өзіне қатысты ұсынылған дәлелдермен танысу құқығы түсіндіріліп, хабарлануы тиіс. Сондай-ақ, ол адвокатпен байланысу және медициналық тексеруден өту құқығына ие.

Егер ұсталған адам айыппен танысуға тілді білмеуі себепті қабілетсіз болса, оған аудармашы міндетті түрде беріледі.

Ұсталған адамды дереу судьяға жеткізіп, оның қамауға алу немесе ешқайда кетпеу туралы қолхатпен босату туралы шешім қабылдануы тиіс. Қазақстан заңнамасына сәйкес, күдікті қамауда 2 айдан аспайтын мерзімге болуы мүмкін, ал аса ауыр қылмыстар бойынша тергеу жүргізілсе, бұл мерзім 4 айға дейін ұзартылады. Егер күдікті қамауға алу туралы шешімге шағымданса, ол сотта қайта қаралуы мүмкін.

Бұлтартпау шаралары (18-тарау)

Бұлтартпау шаралары – бұл адамдардың немесе ұйымдардың жағымсыз әрекеттері немесе мінез-құлқын шектеу немесе алдын алу мақсатында қолданылатын әрекеттер. Әдетте, бұл шаралар қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, құқықтық тәртіпке немесе мемлекеттің немесе қоғамның маңызды мүдделеріне қауіп төнген кезде қолданылады.

Бұлтартпау шаралары мемлекеттік деңгейде (мысалы, заңдар, жарлықтар немесе үкімет шешімдері түрінде) немесе ұйымдар деңгейінде (компаниялар немесе басқа ұйымдар белгілеген ережелер мен саясаттар түрінде) қолданылады.

Бұлтартпау шараларының мысалдарына елге белгілі бір адамдардың кіруіне тыйым салу, белгілі бір жерлерде жаппай іс-шараларды өткізуге тыйым салу, қозғалыс еркіндігін шектеу, мәжбүрлеп емдеу, қамауға алу және т.б. жатады. Бұлтартпау шараларын таңдау нақты жағдай мен қойылған мақсаттарға байланысты болады.

Процессуалдық мәжбүрлеудің өзге шаралары (19-тарау)

Күдіктіні немесе айыпталушыны қамауға алу – бұл бостандықты уақытша шектеу, ол қылмыстық құқық бұзушылық жасауға жеткілікті негіздер болған жағдайда қарастырылады. Қамауға алу ұстаудан кейінгі тәулік ішінде қолданылып, ал оның ұзақтығы сот шешімінсіз 72 сағаттан аспауы тиіс.

Ұйқамақ – бұл бостандықты шектеу шарасы, мұнда күдікті немесе айыпталушы белгілі бір аумақта (әдетте өз үйінде) болуға міндетті, бірақ осы аумақта еркін қозғала алады. Бұл шара күдікті немесе айыпталушы қоғамға қауіп төндірмейтін және қылмыстық процеске қатысудан жалтармайтын жағдайда қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы заңнамамен реттеледі. ҚР ҚПК-не сәйкес, ұйқамақ күдіктіге немесе айыпталушыға қамауға алудың қажеті болмаған немесе қажет деп саналмаған жағдайда тағайындалуы мүмкін.

Ұйқамақты тағайындау кезінде айыптың сипаты, күдіктінің немесе айыпталушының жеке басы, сондай-ақ оның тергеуден немесе соттан жалтару қаупі ескеріледі. Ұйқамақ алты ай мерзімге тағайындалуы мүмкін, оны сот шешімімен бір жылға дейін ұзартуға болады.

Ұйқамақ кезінде күдікті немесе айыпталушы тергеу және сот органдарының тұрақты бақылауында болады. Ол тергеушінің немесе судьяның рұқсатынсыз тұрғылықты жерін тастап кете алмайды, сондай-ақ тергеу немесе сот органдарының шақыруына міндетті түрде қатысуы тиіс [4].

Ұйқамақтың шарттарын бұзу бұлтартпау шарасын неғұрлым қатаң шараға ауыстыруға немесе ұйқамақты тоқтатып, қамауға алуға әкеп соғуы мүмкін. Бұдан бөлек, ұйқамақ шарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Прокурорлар қамауға алу және ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау мәселелерін қарау кезінде қылмыстық қудалау органдарының аумақтық бөлімшелері, прокуратура және соттар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Әдетте, ұйқамақ шарасын санкциялау үшін сотқа немесе бұлтартпау шараларын тағайындаумен айналысатын құзыретті органға жүгіну керек. Өтініш қарау барысында істің барлық мән-жайлары зерттеліп, тараптардың пікірі мен сот талқылауы барысында ұсынылған дәлелдер ескеріледі.

Егер сот ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы қолайлы деген қорытындыға келсе, тиісті шешім шығарылады. Онда осы шараны қолдану шарттары мен ұзақтығы, сондай-ақ оны алған адамның құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

Алайда, ұйқамақ тек белгілі бір жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін, мысалы, ауыр емес қылмыс жасады деген күдік болғанда немесе адам қоғамға қауіп төндірмесе және сот талқылауынан жалтаруға тырыспаса.

Ұйқамақ, қамауға алу немесе қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктінің қамауда болу мерзімін санкциялау мәселесін қарау үшін сотқа төмендегі құжаттар тізімі ұсынылады, олардың көшірмелері қылмыстық қудалау органының гербтік мөрімен куәландырылуы тиіс:

1. Қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау туралы қаулы;
2. Тергеушінің бұлтартпау шарасын таңдау және оны соттың санкциялауы туралы өтініші бар қаулысы;
3. Тергеушінің өтінішін прокурордың қолдау туралы қаулысы;
4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болған өтініш, хабарлама, баянат және өзге материалдар (көшірмелері);
5. Сот өндірісінің тілі туралы тергеушінің қаулысы (көшірмесі);
6. Адвокат ордері (көшірмесі);
7. ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұстау хаттамасы (көшірмесі);
8. Адамды күдікті деп тану туралы қаулы (көшірмесі);

9. Күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулы;
10. Күдіктіні сұрау хаттамасы (көшірмесі), егер күдікті (айыпталушы) қылмыстық қудалау органдары мен соттан жасырынбаған жағдайда;
11. Жәбірленушіні сұрау хаттамасы (көшірмесі);
12. Күдіктінің (айыпталушының) жеке басын сипаттайтын материалдар (көшірмелері);
13. ҚР ҚПК-нің 300-бабында көрсетілген тұлғаны куәландыратын құжат.

ҚР ҚПК-нің 165-бабына сәйкес, ұйқамақ бұлтартпау шарасы ретінде соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін, егер күдікті немесе айыпталушының тергеуден жасырынуы, куәгерлерге қысым көрсетуі, басқа адамдардың ықпалында болуы немесе қылмыстық әрекеттерін жалғастыруы мүмкін екені туралы жеткілікті негіздер анықталса [4].

Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі екі айдан аспауы тиіс, ал терроризм немесе экстремизм бойынша іс жүргізілген жағдайда, сот ұйқамақ мерзімін алты айға дейін ұзартуы ықтимал.

Ұйқамақ кезінде күдікті немесе айыпталушы белгіленген жерде болуы және оны сот немесе анықтау органының рұқсатынсыз тастап кетпеуі тиіс. Сондай-ақ, ол сот немесе анықтау органы белгілеген басқа да шектеулерді сақтауға міндетті.

Ұйқамақ шарттарын бұзу бұлтартпау шарасын өзгертуге немесе оны тоқтатып, қамауға алуға әкелуі мүмкін.

Осылайша, Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану заңнамамен реттеледі және жасалған құқық бұзушылықтың немесе қылмыстың сипатына байланысты тағайындалады. Соттар сондай-ақ айыпталушы ұйқамақта болған кезеңде сақтау керек шарттар мен талаптарды белгілейді. Алайда, мұндай бұлтартпау шарасы құқықтық мемлекет қағидаттарына сәйкес келуі және заң шеңберінде, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

1.2 Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың халықаралық тәжірибесі

Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы – құқық қорғау саласында айыпталушылар мен күдіктілердің құқықтарын сақтай отырып, оларды қамауда ұстауға балама болып табылатын маңызды әдіс. Бұл шара көптеген елдерде кеңінен қолданылады және қамауда ұстауға кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында бұл шара Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес қолданылады, бірақ оның тиімділігі мен болашағы халықаралық тәжірибені талдауды қажет етеді.

Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы АҚШ-та кеңінен қолданылады. Бұл ел электрондық бақылау құралдарын, мысалы, GPS браслеттерін пайдалану бойынша көшбасшы саналады. Бұл технологиялар ұйқамақта отырған адамның қозғалысын нақты уақытта бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай әдістер құқық қорғау органдарына түсетін жүктемені азайтып, қамақ шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді. АҚШ-та ұйқамақты қолдану әр штаттың заңнамасымен реттеледі, мұнда күдіктілер мен айыпталушыларға арналған әртүрлі шарттар мен шектеулер қарастырылған. Бұл жүйенің басты артықшылығы – икемділігі: сот әр жағдайға жеке ережелерді белгілей алады, мысалы, белгілі бір орындарға баруға тыйым салу, белгілі бір адамдармен қарым-қатынасты шектеу немесе коменданттық сағатты сақтау міндеттемесі. Алайда, электрондық браслеттерді енгізу мен пайдаланудың жоғары құны олардың барлық аймақтарда қолжетімді болуына кедергі келтіреді [5].

Еуропа елдері де ұйқамақты қамауда ұстауға балама ретінде белсенді қолданады. Ұлыбританияда "curfew" (коменданттық сағат) жүйесі қолданылады, оның шарты бойынша күдікті немесе айыпталушы белгілі бір сағаттарда үйде болуы тиіс. Бұл шараның орындалуын бақылау электрондық браслеттерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Егер коменданттық сағат шарттары бұзылса, адам дереу ұсталып, қамауға алынуы мүмкін. Францияда ұйқамақ көбінесе экономикалық қылмыстарға немесе зорлық-зомбылықсыз құқық бұзушылықтарға айыпталған адамдарға қатысты қолданылады. Мұнда интернет пен басқа байланыс құралдарын қолдануға тыйым салу кеңінен пайдаланылады, бұл куәгерлерге қысым жасау немесе дәлелдерді бұрмалау қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Германияда ұйқамақ негізінен қоғамға қауіп төндірмейтін адамдарға қолданылады, бұл түрмелерге түсетін жүктемені азайтып, қылмыстық процесте пропорционалдық принципін сақтауға ықпал етеді.

Ресей Федерациясында ұйқамақ Қылмыстық-процестік кодекспен реттеледі және тергеу мен сот талқылауы барысында процессуалдық шара ретінде қолданылады. Ресейлік жүйенің ерекшелігі – дәстүрлі бақылау әдістері (құқық қорғау органдарының тұрақты тексерістері) мен электрондық браслеттер сияқты заманауи технологияларды қолдану үйлесімділігі. Дегенмен, өңірлердегі бірыңғай тәжірибенің және техникалық мүмкіндіктердің болмауы бұл шараны тиімді пайдалануды қиындатады. Ресейде ұйқамақ тек күдікті немесе айыпталушы тергеуден жасырынады, куәгерлерге қысым жасайды немесе қылмыстық әрекеттерін жалғастырады деп санауға жеткілікті негіздер болған жағдайда ғана тағайындалады.

Қазақстан ұйқамақ тәжірибесін енгізу барысында бірқатар қиындықтарға тап болды, оның ішінде техникалық мүмкіндіктердің шектеулігі, жиі тексерулердің қажеттілігі және цифрлық технологияларды пайдалану бойынша нормативтік базаның жеткіліксіздігі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес, ұйқамақ соттың шешімімен жеткілікті негіздер

болған жағдайда ғана тағайындалады. Бұл шараны қолданудың негізгі шарттарына тергеуден жалтару қауіпі, куәгерлерге қысым жасау немесе құқық бұзушылықты жалғастыру ықтималдығы жатады. Қазақстанда ұйқамақтың ең ұзақ мерзімі екі айды құрайды, бірақ ауыр қылмыстар болған жағдайда бұл мерзім алты айға дейін ұзартылуы мүмкін. Ұйқамақта отырған адам сот белгілеген шектеулерді сақтауға міндетті, олардың ішінде үйден рұқсатсыз шықпау, белгілі бір адамдармен қарым-қатынас жасауды шектеу және тергеу органдарына шақыру бойынша бару міндеті бар.

Қазақстанда ұйқамақ шарасын тиімді қолдануды арттыру үшін халықаралық тәжірибені енгізу орынды болмақ. Мысалы, GPS-браслеттерді немесе арнайы мобильді қосымшаларды пайдалану құқық қорғау органдары тарапынан жиі тексерулер қажеттілігін айтарлықтай төмендетуі мүмкін. Бұл полиция ресурстарын басқа міндеттерді орындауға босатуға мүмкіндік береді. Алайда, мұндай технологияларды енгізу айтарлықтай инвестициялар, заңнамалық өзгерістер және персоналды дайындауды талап етеді, бұл Қазақстанның қылмыстық әділет жүйесі үшін қосымша қиындықтар тудырады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы түрме жүйесіне түсетін жүктемені азайту және адам құқықтарын сақтау үшін тиімді құрал бола алады. Сонымен қатар, бұл шараны сәтті қолдану инфрақұрылымды дамыту, заманауи технологияларды енгізу және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Мысалы, Нидерландта "үйдегі түрме" (home prison) жүйесі сәтті қолданылады, онда күдіктілер мен айыпталушылар тұрақты электрондық бақылауда болады, бірақ өз үйінде қозғалу еркіндігі сақталады. Бұл жүйе күдіктілерді қамауда ұстауға кететін шығындарды айтарлықтай қысқартуға, сондай-ақ босатылғаннан кейін өмірге бейімделу мүмкіндігін бұлтартпауге мүмкіндік береді [6].

Австралияда және Канадада да ұйқамақ қамауға алудың баламасы ретінде қолданылады. Австралияда ұйқамақта отырғандар электрондық браслеттер тағуға және сот белгілеген шектеулерді сақтауға міндетті. Бұл шектеулердің сақталуын бақылау заманауи технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл адам факторын азайтып, бақылаудың дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. Канаданың тәжірибесінде ұйқамақ көбінесе зорлық-зомбылықсыз қылмыстарға айыпталған адамдарға қатысты қолданылады және міндетті түрде рецидивтің алдын алуға бағытталған реабилитациялық бағдарламамен сүйемелденеді.

Қазақстан үшін басты міндеттердің бірі – халықаралық тәжірибені жергілікті жағдайларға бейімдеу болып табылады. Бұл күдіктілерді бақылауға арналған бағдарламалық-аппараттық кешендерді әзірлеу мен енгізуді, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерін жаңа технологиялармен жұмыс істеуге үйретуді қамтиды. Ұйқамақты сәтті қолдану тек техникалық бұлтартпауді ғана емес, сонымен қатар қылмыстық әділет жүйесін басқаруға деген көзқарастарды

өзгертуді де талап етеді. Мысалы, күдіктіні ұйқамаққа тағайындау туралы шешімдерді қайта қарау тетіктерін қарастыру қажет, бұл күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын сақтауды бұлтартпауге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мәселесі қазіргі таңда халықаралық стандарттармен үйлестіріле отырып дамып келеді. Әсіресе, бұл салада шетелдік тәжірибе мен халықаралық құқықтық нормаларды ескеру аса маңызды, өйткені адам құқығын сақтау, сотқа дейінгі тергеу мен сот өндірісінің әділдігін қамтамасыз ету мәселелерінде дамыған елдердің қол жеткізген жетістіктері үлгі бола алады. Осы орайда, халықаралық тәжірибе ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының балама және гуманды сипаттағы түрі ретінде кеңінен қолданылатынын көрсетіп отыр.

Халықаралық деңгейде ұйқамақ БҰҰ-ның Бас бостандығынан айырумен байланысты емес шаралар жөніндегі Минималды стандарттық ережелерінде (Токио ережелері, 1990 ж.) нақты көрсетілген. Бұл құжатта қамауға алудың баламалы нұсқалары ретінде ұйқамақ, қоғамдық жұмыстар, пробациялық бақылау, электронды мониторинг сияқты шаралар ұсынылған. Қазақстан осы ережелерді өз заңнамасына кезең-кезеңімен енгізіп келеді. Қазақстандық құқықтанушылардың бірі, профессор С.Ж. Айтбаев атап өткендей, Қазақстандағы қылмыстық саясат репрессивті емес, алдын алу және қайта әлеуметтендіру бағытында дамуы тиіс. Бұл тұрғыда ұйқамақ тиімді құрал бола алады.

АҚШ тәжірибесінде ұйқамақ кеңінен қолданылады және оның тиімділігін арттыру үшін түрлі технологиялар, әсіресе GPS-бақылау құрылғылары қолданылады. Мысалы, Калифорния, Флорида және Техас штаттарында ұйқамаққа алынған тұлғаларға электрондық білезіктер тағылып, олардың қозғалысын нақты уақыт режимінде қадағалау жүргізіледі. Бұл жүйе пробациялық бақылау аясында жұмыс істейді және құқық бұзушының қайта қылмыс жасауын болдырмауға септігін тигізеді. АҚШ-тағы зерттеуші Э. Харрис өз еңбектерінде электрондық мониторингтің шығындарды азайтуға, сот жүйесіне түсетін жүктемені төмендетуге және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тигізетін оң әсерін атап өтеді.

Еуропа елдері арасында Франция, Германия, Норвегия және Нидерланд сияқты мемлекеттер де ұйқамақты белсенді түрде қолданады. Мысалы, Францияда ұйқамақ көбінесе кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылады, ал Германияда бұл шара шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Германияда электрондық бақылау жүйесі — «elektronische Fußfessel» — кеңінен енгізілген. Бұл жүйе сот шешімі бойынша адамға тағылып, GPS немесе радио жиілікті сигналдар арқылы қозғалысы бақыланады. Құқықтанушы Г. Леберштейн атап өткендей, мұндай тәсілдер адамның қоғаммен байланысын үзбей, құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Скандинавия елдерінде ұйқамақтың ерекшелігі — оның әлеуметтік бейімделу процесіне бағытталуында. Мысалы, Норвегияда ұйқамақ қолданылған тұлғаларға психологиялық көмек, әлеуметтік қызмет көрсету, жұмысқа орналасуға көмек секілді кешенді шаралар ұсынылады. Бұл модель «қауіпсіз қоғам — әлеуметтік интеграция арқылы» қағидатына негізделген. Норвегиялық зерттеуші Йоханнес Андресен өз еңбектерінде ұйқамақты әлеуметтік әділеттілік пен адам құқығын қорғау тұрғысынан қарастырып, оны «қоғамдық бақылаумен оқшаулау» деп сипаттайды.

Біріккен Корольдікте (Ұлыбритания) ұйқамақ электрондық құралдармен толықтырылған. Түнгі уақыттағы қозғалысты шектеу, жұмыс орнынан тысқары жерлерге баруға тыйым салу, отбасы мүшелерімен және жәбірленушімен байланыс орнатуға тыйым салу секілді нақты шарттар қойылады. Бұл шаралар «Tagging scheme» деп аталады және олардың тиімділігі үнемі бағаланып отырады. Ағылшын заңгері Р. Морганның пікірінше, ұйқамақ — бұл сот төрелігінің тиімді әрі үнемді құралы, алайда оны қолдану үшін нақты құқықтық тетіктер мен бақылау жүйелері қажет [14].

Қазақстанда бұл тәжірибе біртіндеп енгізілуде. Соңғы жылдары ұйқамақты қолдану бойынша құқық қорғау органдары мен прокуратура цифрлық технологияларға ден қоя бастады. Соның ішінде Ақтөбе облысында пилоттық режимде енгізілген FSM «Ұй қамақ» мобильді қосымшасы — осы саладағы озық бастамалардың бірі. Бұл қосымша арқылы күдіктіге немесе айыпталушыға смартфон беріліп, олардың орналасқан жерін, суреті мен геометкасымен бірге тіркеп отыруға мүмкіндік жасалған. Қазақстандық заңгер-ғалым М.Т. Баймағамбетов бұл қосымшаның отандық құқық қорғау жүйесінде заманауи басқару құралы ретінде қызмет етіп, азаматтардың құқықтарын сақтау мен бақылауды тиімді жүзеге асыруға жол ашатынын атап өтеді.

Қазақстан ұйқамақ институтын дамыта отырып, халықаралық тәжірибелерді бейімдеп қана қоймай, оны ұлттық ерекшеліктерге сәйкестендіру арқылы жаңа үлгілер қалыптастыруға ұмтылып отыр. Бұл бағытта құқық қорғау органдарының кәсіби дайындығын арттыру, нормативтік базаны жетілдіру және техникалық мүмкіндіктерді кеңейту қажет. Сонымен қатар, адам құқықтарын сақтау мен әлеуметтік бейімдеу тетіктерін енгізу де ұйқамақтың шынайы мақсатына жетуіне ықпал етеді. Ұйқамақ жүйесіне заманауи технологияларды енгізу қылмыстық әділет жүйесінің ашықтығы мен оған деген сенімділікті арттыруға да ықпал етуі мүмкін. Мысалы, күдіктілердің орналасқан жерін бақылауға арналған мобильді қосымшалар ұйқамақ шарттарын бұзған жағдайда құқық қорғау органдарына автоматты түрде хабарлауды қамтамасыз ете алады. Бұл бұзушылықтарға жедел әрекет етуге және олардың салдарын болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай қосымшалар күдіктілерге олардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беру үшін пайдалы болуы мүмкін, бұл ұйқамақ шарттарын жақсы түсінуге және сақтауға ықпал етеді.

Қазақстан үшін халқаралық үздік тәжірибелерді ұлттық ерекшеліктер мен қолданыстағы шектеулерді ескере отырып зерттеу және бейімдеу маңызды. Ұйқамақты табысты іске асырудың негізгі элементтері – заманауи технологияларды енгізу, инфрақұрылымды дамыту және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру. Дегенмен, ұйқамақтың басты мақсаты – әділеттілікті бұлтартпау және адам құқықтарын сақтау болып қала береді, бұл кешенді және теңгерімді тәсілді талап етеді.

1.3 Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың жай – күйінің өзектілігі

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының үстемдігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында «Прокуратура туралы» Конституциялық заңға сәйкес прокуратура органдары мемлекет атынан тергеу органдарының процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануының заңдылығына қадағалау жүргізеді.

Прокуратура органдары жүктелген міндеттер шеңберінде келесі қызметтерді жүзеге асырады: мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың қызметіндегі заңдылықтың сақталуына қадағалау жүргізу; сотта қоғамдық айыптауды қолдау, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қылмыстар мен басқа құқық бұзушылықтарды тергеуге қатысу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істерін жүргізу; сот шешімдерінің орындалуын бақылау, балалардың құқықтарын қорғау және адам мен азаматтың құқықтарын қорғау. Прокуратура органдарының маңызды бағыттарының бірі мемлекеттік басқару мен экономикадағы сыбайлас жемқорлықпен және басқа да құқыққа қарсы көріністермен күресу болып табылады [7].

Прокуратура органдары құқық қорғау жүйесінің маңызды буыны болып табылады және мемлекеттің заңдылықты сақтау мен азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша үлкен жауапкершілік жүктейді. Олар өз жұмысында тәуелсіздік, заңдылық, объективтілік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

Елорда аумағында «ұйқамақ» сияқты бұлтартпау шараларын қолдануды талдау барысында келесі тұжырымдарға келдік. Алдын ала тергеу жүргізу кезінде бұлтартпау шараларын қолдануға жүргізілген талдау нәтижесінде, тергеу органдары көбінесе тұрғылықты мекен-жайдан кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат түріндегі бұлтартпау шарасын қолданатыны анықталды, себебі бұл шараны қолдану рәсімі қарапайым болып табылады.

Мысалы, Астана қаласында 2019 жылы барлығы 120 адамға, 2020 жылы 182 адамға, 2021 жылы 193 адамға, 2022 жылы 160 адамға, 2023 жылы 215

адамға, ал 2024 жылдың 1-ші жарты жылдығында 78 адамға бұлтартпау шарасы қолданылған [8].

Кесте 2 – Бұлтартпау шарасының түрлері

Бұлтартпау шарасының түрі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж. (1-тоқсан)
Кепіл	0	0	0	0	0	0
Елден кетпеу туралы қолхат	48	72	81	61	74	41
Ұйқамақ	2	9	18	7	8	5
Қамауда ұстау	69	101	94	91	120	31
Кәмелетке толмағандарды беру	0	0	0	1	3	1
Әскери қызметшілерді беру	0	0	0	0	0	0

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 138-бабына сәйкес бұлтартпау шарасын қолдану және оның түрін таңдау мәселесін шешу кезінде қылмыстың ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, оның жасы, денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы, кәсібі, мүліктік жағдайы, тұрақты тұрғылықты жерінің болуы және басқа да мән-жайлар ескерілуі тиіс. Жасалған қылмыстың ауырлығы қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың жалғыз негізі бола алмайды.

Дегенмен, әрбір бұлтартпау шарасының өзіндік құқықтық табиғаты, қолдану мақсаты мен нақты реттемесі болады. Бұл шаралар күдіктінің немесе айыпталушының тұлғалық және процессуалдық ерекшеліктеріне қарай таңдалады. Оларды қолдану кезінде құқық бұзушының әрекетіне байланысты әртүрлі факторлар ескеріледі. Атап айтқанда, адамның құқық бұзушылық жасағаннан кейінгі мінез-құлқы, тергеу органдарымен ынтымақтастық танытуы немесе, керісінше, тергеуге кедергі келтіруі мүмкіндігі, жәбірленушіге немесе куәларға қысым көрсету қаупі, сондай-ақ оның қылмыстық әрекетті жалғастыру ықтималдығы маңызды рөл атқарады. Бұл факторлар тергеу барысында қандай бұлтартпау шарасын таңдауға негіз болады. Сонымен қатар, бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешім қабылдағанда оның тергеудің толықтығы мен объективтілігіне әсер ету ықтималдығы, сондай-ақ процессуалдық тәртіптің сақталуына төнетін қауіптер жан-жақты сараланып, негізделуі тиіс. Осылайша, бұлтартпау шарасы ретінде ұйқамақты немесе өзге баламаларды қолдану қажеттігі нақты жағдайға қарай жеке-жеке бағаланады.

Ұйқамақ – бұл адамның үйден рұқсатсыз шығуына, кейбір адамдармен байланысуына немесе қандай да бір қызмет түрімен айналысуына тыйым салуды

білдіреді. Бірақ ол Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 147-бабында көзделген тәртіппен сот белгілеген шектеулерді қолданумен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың жай-күйі қазіргі кезеңде қылмыстық сот төрелігі жүйесінде ерекше назар аударуды талап ететін маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қылмыстық процесс барысында бұлтартпау шараларын қолдану адамның негізгі конституциялық құқықтарын — бостандыққа, жеке қол сұғылмаушылыққа, әділ сотқа қол жеткізу құқықтарын тікелей шектеумен байланысты. Сондықтан бұл шаралардың заңдылығы, негізділігі және тиімділігі – құқықтық мемлекеттің басты өлшемдерінің бірі. Осы контексте ұйқамақ – қоғам үшін қауіп төндірмейтін, бірақ тергеу мен сот процесіне қатысуы қажет адамдарға қатысты неғұрлым ізгілікті (гуманистік) балама ретінде қарастырылады.

Ұйқамақ – бұл адамның белгілі бір аумақта (әдетте — өз тұрғылықты жерінде немесе басқа заңды түрде белгіленген мекенжайда) еркін қозғалуына шектеу қою арқылы оның бостандығын уақытша шектеу. Бұл бұлтартпау шарасы қамауға алумен салыстырғанда адам құқықтарын азырақ шектейді, әрі тергеу мен сот процесіне қажетті бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстанда бұл шара алғаш рет 1997 жылғы Қылмыстық-процестік кодексте қарастырылып, кейін 2014 жылғы жаңа ҚПК-де толық жетілдірілді. Алайда, бүгінгі таңда бұл институтты қолданудың жай-күйі мен тиімділігіне қатысты бірқатар мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр.

Біріншіден, ұйқамақтың қолдану ауқымы шектеулі. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша, бұлтартпау шарасы ретінде ұйқамақ өте сирек қолданылады. Мысалы, 2021 жылғы ресми статистикада 21 724 бұлтартпау шарасының ішінде ұйқамақ тек 1202 жағдайда немесе 5,5% ғана қолданылған [9]. Бұл көрсеткіш, әсіресе қамауға алу шарасының 53,4%-ды құрайтынын ескерсек, ұйқамақтың әлеуеті толық пайдаланылмай отырғанын білдіреді. Бұл үрдіс Қазақстанда сот және тергеу органдары арасында әлі де болса қамауға алуға басымдық берілетінін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, еліміздің ізгілендіру және жазаны жеке даралау қағидаттарына сәйкес келмейді.

Екіншіден, ұйқамаққа байланысты құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелер жеткілікті деңгейде шешілмеген. Заңнамалық тұрғыдан алғанда, ҚР ҚПК-нің 146-бабында ұйқамаққа қатысты негізгі ережелер белгіленгенімен, оны практикалық қолдану барысында нақты әдістемелік ұсынымдар мен реттеулер жетіспейді. Бұл мәселе тергеу судьялары мен құқық қорғау органдарының өкілдері арасында бірыңғай құқықтық түсіндірмелердің жоқтығына алып келуде. Көп жағдайда бұл шараны қолдану үшін қажетті негіздемелер толық дәлелденбейді немесе құқық қорғау органдары тарапынан жеткіліксіз негіз келтіріледі [9].

Үшіншіден, ұйқамақты бақылау механизмдерінің әлсіздігі оны қолданудың тиімділігіне күмән тудырады. Әсіресе, қадағалауды жүзеге асыратын органдарда техникалық және кадрлық ресурстардың жеткіліксіздігі бұл мәселені ушықтыра түседі. Күдікті немесе айыпталушының үйде екендігін немесе белгіленген шектеулерді бұзбағанын нақты бақылау үшін арнайы техникалық құралдар қажет. Осы мақсатта енгізілген FSM «Үй қамақ» мобильді қосымшасы сынды жобалар – дұрыс бағыттағы қадам, алайда оның барлық өңірлерде бірдей енгізілмеуі және ауқымды түрде қолданылмауы – бұл шараның тиімділігін төмендетеді.

Төртіншіден, ұйқамақтың психологиялық және әлеуметтік салдарлары да назардан тыс қалмауы керек. Ұйқамаққа алынған адам қоғамнан толық оқшауланбағанымен, ұзақ мерзімді шектеулер мен әлеуметтік байланыстардың үзілуі оның психологиялық жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұған қоса, үй жағдайында қажетті медициналық, әлеуметтік және құқықтық көмекке қол жеткізу де қиындық тудырады. Бұл тұрғыда ұйқамаққа алынған тұлғаларға психологиялық қолдау көрсету, әлеуметтік қызметтерді ұсыну және адвокаттық көмектің үздіксіздігін қамтамасыз ету – шешімін табуға тиіс мәселелер.

Бесіншіден, ұйқамаққа алынған тұлғаларға қойылатын шектеулер мен міндеттемелердің нақты және жүйелі түрде реттелмеуі де өзекті мәселе болып отыр. ҚР ҚПК 146-бабының 2-бөлігінде шектеулер мен бақылау шарттары көрсетілгенімен, бұл нормалар құқық қорғау органдары тарапынан әртүрлі интерпретацияланады. Бұл құқық қолдану практикасының біркелкі еместігіне, ал кейде тіпті заң бұзушылықтарға алып келеді. Қазақстандық ғалымдар, атап айтқанда, С.В. Колоскова мен Г.И. Баймолдина, өз еңбектерінде ұйқамақтың құқықтық реттелуіндегі жүйелілік пен нақтылықтың жетіспейтінін, оның нәтижесінде құқық қорғау органдарының өз қалауы бойынша әрекет ету тәуекелі артып отырғанын атап көрсетеді [10].

Алтыншыдан, ұйқамақтың қолданылуын шектейтін тағы бір фактор — тұрғын үй мәселесі. ҚР ҚПК нормаларына сәйкес, күдікті немесе айыпталушы тұрақты немесе уақытша заңды мекенжайда тұруы тиіс. Алайда, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда барлық азаматтардың тұрақты тіркеуі немесе тұрғын үйі бола бермейді. Мұндай жағдайларда ұйқамақ шарасын қолдану техникалық түрде мүмкін болмай қалады. Бұл – әлеуметтік әділеттілік қағидатына қайшы келетін жайт.

Жетіншіден, ұйқамақ шарасын қолдану сот пен құқық қорғау органдарына қосымша міндеттемелер жүктейді. Атап айтқанда, тергеу судьясының, прокурордың, анықтау және тергеу органдарының тарапынан тұрақты бақылау мен есептілік талап етіледі. Қазіргі жүйеде бұл процестердің цифрлық түрде автоматтандырылуы жеткіліксіз, ал қағазбастылық пен қолмен есеп жүргізу тәртібі бақылаудың тиімділігін төмендетеді.

Осы жоғарыда көрсетілген факторларды ескере отырып, Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың жай-күйі әлі де жетілдіруді қажет ететіндігі айқын байқалады. Мемлекет бұл бағытта бірқатар бастамаларды қолға алғанымен, олардың практикалық жүзеге асырылуы жүйелі, тиімді және құқықтық тұрғыдан толық қамтамасыз етілмеген. Сондықтан қазіргі уақытта бұл мәселенің өзектілігі төмендеген жоқ, керісінше, қылмыстық саясаттың ізгілендірілуі, құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру, адам құқықтарын қорғау стандарттарын сақтау және сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда аса өзекті.

Ұйқамақты кеңінен әрі тиімді қолдану үшін нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру, техникалық құралдармен қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарының кадрлық әлеуетін арттыру, бақылау жүйесін автоматтандыру, қоғамдық және азаматтық бақылау механизмдерін енгізу қажет. Сонымен қатар, бұл шараны қолданудың ғылыми-теориялық негізін нығайтып, халықаралық тәжірибені бейімдеу арқылы отандық құқықтық жүйенің тиімділігін арттыруға болады. Тек осындай кешенді тәсіл ғана ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын елімізде толыққанды және құқыққа сай қолдануға жол ашады.

Күдіктіге, айыпталушыға немесе сотталушыға қатысты ұйқамақ қолданылған жағдайда төменде көрсетілген шектеулердің біреуі немесе бірнешеуі қолданылуы мүмкін:

- тұрғылықты жерінен толық немесе белгілі бір уақытта шығуға тыйым салу;
- телефон немесе радиобайланыс арқылы сөйлесуге, пошта корреспонденциясын жіберуге және телекоммуникациялық байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салу;
- белгілі бір адамдармен сөйлесуге және өз үйінде ешкімді қабылдауға тыйым салу;
- цифрлық және электрондық бақылау құралдарын қолдану және бұл техникалық құралдарды өзімен бірге алып жүру міндетін жүктеу;
- телекоммуникациялық қоңырауларға немесе басқа байланыс сигналдарына жауап беру, кіріс және шығыс қоңырауларға қатысу немесе қылмыстық қудалау органына күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының мінез-құлқына қадағалау жүргізетін органға белгіленген уақытта жеке келу міндетін жүктеу;
- күдіктіге, айыпталушыға немесе олардың тұрғылықты жеріне қадағалау жүргізуді, сондай-ақ олардың үйін немесе тұрғынжай ретінде белгіленген орынды қорғауды ұйымдастыру;
- күдіктінің, айыпталушының қоғамнан оқшаулануын және тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ететін басқа да шаралар [4].

Күдіктінің, айыпталушының тиісті мінез-құлқын бұлтартпау үшін қажет болған жағдайда қадағалау жүргізіледі. Тұрғылықты жерінен шығуға шектеу

сақталуын қадағалау барысында алдын ала тергеу жүргізетін орган кез келген уақытта күдіктінің, айыпталушының тұрғылықты жерінде екенін тексеруге құқылы. Қадағалау күндізгі уақытта (екі реттен артық емес) және түнгі уақытта (бір реттен артық емес) жүргізіледі. Қадағалаушы тұлғаның күдіктінің, айыпталушының тұрғын үйінде болуы олардың және онымен бірге тұратын адамдардың келісімімен жүзеге асырылады және отыз минуттан аспауы тиіс.

Ұйқамақ туралы сот қаулысында күдіктіге, айыпталушыға қолданылатын нақты шектеулер, сондай-ақ қадағалау жүргізетін орган немесе лауазымды тұлға көрсетіледі.

Ұйқамақ мерзімі және оны ұзарту тәртібі Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 151 және 547–551-1-баптарында белгіленген ережелермен анықталады.

Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау тәртібі алдын ала тергеу жүргізуге уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығымен реттеледі [10].

Астана қаласы қылмыстық ісінің мұрағатынан: А.-ға қатысты екі ай мерзімге қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтініш келесі негіздер бойынша дәлелденген.

2022 жылдың 25 тамызында шамамен сағат 14:30-да А. Астана қаласы «Орда» аялдамасынан «Нұрлы жол» аялдамасына дейінгі бағытта №7 автобус салонында болған кезде, кәмелетке толмаған Б.-ны көріп, Б.-ның сөмкесі ашық болғанын пайдаланып, одан Ш.-ға тиесілі құны 5000 теңге болатын эмианды, оның ішінде 100 000 теңге сомасындағы ақшалай қаражатты жасырын түрде ұрлап, автобустан шығып, оқиға орнынан жасырынған.

2022 жылдың 25 тамызында А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 128-бабына сәйкес ұсталып, Астана қаласының УҰИ-не қамалды.

2022 жылдың 26 тамызында А.-ның әрекеті Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігі бойынша сараланған.

А. бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған, ресми түрде жұмыс істемейді, қылмыстық қудалау органдарынан жасырынуы мүмкін болғандықтан, оған қатысты қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауды сұрайды.

Сот отырысында прокурор тергеушінің өтінішін қолдап, соттан оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында күдікті және оның адвокаты өтінішті қанағаттандырмауды және күдіктіге қатысты ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауды сұрады.

Процесс қатысушыларының пікірін тыңдап, ұсынылған материалдарды зерттеген тергеу судьясы тергеушінің өтінішін келесі негіздер бойынша қанағаттандырудан бас тарту керек деп санайды.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 147-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы тек судьяның санкциясымен және

тек қылмыстық жауапкершілікке тартылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты, егер заң бойынша бес жылдан астам бас бостандығынан айыру жазасы көзделген және басқа, неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылады [4].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №1 «Бұлтартпау шараларын санкциялау мәселелері туралы» Нормативтік қаулысының 7-тармағында берілген түсіндірмелерге сәйкес, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 147-бабының бірінші бөлігіне сай, күдіктіні қамауда ұстау, егер ол бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген жеңіл және орташа ауырлықтағы қылмыстар жасағаны үшін күдікті деп танылса, тек ерекше жағдайларда, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 147-бабының бірінші бөлігінің 1-7-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 147-бабының бірінші бөлігінің 1-7-тармақтарында көзделген мән-жайлар қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға мүмкіндік беретін шарттар болып табылады.

А.-ға қатысты құқық бұзушылық жасады деген күдік қылмыстық істің қоса тіркелген материалдарымен негізделген.

Сонымен қатар, А. орташа ауыр қылмыс жасады деп күдіктелуде, ол үшін заңда балама жаза түрлері көзделген, тұрақты тұрғылықты жері бар, сотты болмаған.

Осы деректерге сүйене отырып, тергеу судьясы күдіктіге қатысты қамауда ұстау сияқты ең қатаң бұлтартпау шарасының орнына басқа шараны қолдануға болады деп санайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сот алдын ала тергеу органының өтінішін қанағаттандырудан бас тарту және А.-ға қатысты қамауда ұстаусыз, қоғамнан оқшаулау түріндегі «үйқамақ» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану және санкциялау қажет деп есептейді. Үйқамаққа қатысты шектеулер судьяның қаулысымен Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 146-бабына сәйкес негіздер бойынша және тәртіпте белгіленеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Астана қаласының Полиция басқармасы А.-ға қатысты екі ай мерзімге қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішті Астана қаласының прокуратурасына, кейін тергеу сотына жолдады.

Осыған байланысты, тергеу судьясы тергеушінің өтінішін қанағаттандырудан бас тартып, «үйқамақ» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешім қабылдады.

Аталған жайт бойынша қабылданған сот қаулысы қолданылып отырған құқықтық нормаларға толық сәйкес келеді және заңдылық қағидаттарына негізделген. Сот қаулысы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген бұлтартпау шараларын қолданудың мақсатын — тергеудің

толықтығын, жан-жақтылығын және бейтараптығын қамтамасыз ету, сондай-ақ күдіктінің тергеуге кедергі келтіруіне, қылмыстық әрекетті қайталауына немесе басқа да процессуалдық қауіптерге жол бермеу — толық көлемде орындайды. Сонымен қатар, күдіктінің жеке басына қатысты мән-жайлар (орташа ауырлықтағы қылмыс, соттылығының болмауы, тұрақты мекенжайының болуы және балама жаза түрлерінің көзделуі) ескеріле отырып, ең қатаң шара — қамауға алуға жүгінбей, одан гөрі жеңіл әрі пропорционалды бұлтартпау шарасы ретінде ұйқамақ таңдалуы құқық пен әділеттілік қағидаттарына сай келеді. Бұл қаулы сондай-ақ адам құқықтарын сақтау мен заңда көзделген шектеу шараларын теңгерімді қолдану тұрғысынан оң тәжірибе ретінде қарастырылады. Демек, тергеу судьясының бұл шешімі қылмыстық процестік заңнаманың басты мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді және сот төрелігі жүйесінің әділдігі мен тиімділігін көрсетеді.

Жоғарыда талдаулар мен нақты статистикалық, нормативтік, практикалық материалдарға сүйене отырып, Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану саласында бірқатар өзекті мәселелер бар екені анықталды. Бұлтартпау шараларының ішінде ұйқамақтың әлеуеті толық көлемде пайдаланылмай отырғаны байқалады. Әсіресе, қамауға алуға басымдық беру тәжірибесі, ұйқамақты қолданудағы құқықтық түсінбеушіліктер мен техникалық-ұйымдастырушылық шектеулер бұл шараны кеңінен қолдануға кедергі келтіріп отыр.

Ұйқамақтың ізгілендірілген және баламалы сипаттағы бұлтартпау шарасы екеніне қарамастан, оның құқықтық негіздемесін нақтылау, шектеулерді бірыңғай қолдану, бақылау тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ кадрлық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету мәселелері алдағы реформа бағыттарының біріне айналуы тиіс.

Сот тәжірибесінде ұйқамақтың тиімді қолданылған нақты жағдайлары оның заңдылық, дәлелділік және адам құқықтарын қорғау қағидаттарына сай жүзеге асырылуы мүмкін екенін көрсетеді. Осы ретте, ұйқамақтың кеңінен әрі құқықтық мемлекет талаптарына сай қолданылуы — қылмыстық процестің әділеттілігі мен тиімділігін арттыруға, адамның конституциялық құқықтарын сақтауға және қылмыстық саясатты ізгілендіруге айтарлықтай үлес қосады.

Қазіргі уақытта бұл бұлтартпау шарасын қолдану тек заңдылықты сақтау мақсатында ғана емес, сонымен қатар адамның қадір-қасиетін қорғауға, кінәсіздік презумпциясын қамтамасыз етуге, және халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестікке бағытталуы тиіс. Бұл дегеніміз — ұйқамақ шарасын тағайындау кезінде мемлекет тарапынан адамның бостандығына тек заңмен көзделген, шектеулі және нақты негіздер бойынша ғана араласу керек екенін білдіреді. Қылмыстық процесте жеке тұлғаның еркіндігін сақтай отырып, қоғам мүддесін қорғау — қазіргі құқықтық саясаттың басты ұстанымдарының бірі болуы тиіс. Сонымен қатар, бұлтартпау шараларын таңдауда соттардың

тәуелсіздігі мен шешімдерінің негізділігі – құқықтық мемлекеттің іргетасын нығайтатын негізгі факторлардың қатарынан саналады.

2. Қазақстан республикасының заңнамасында үйде қамау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды жетілдіру

2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың өзекті мәселелері

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың белгілі бір талаптары көзделген, олардың ішінде оны қолдануға жеткілікті негіздердің болуы және тұрғын үйдің тиісті күзетпен қамтамасыз етілуі бар. Егер күдіктінің немесе айыпталушының құқықтары мен бостандықтары ұйқамақ қолданылуына байланысты бұзылса, өз құқықтарын қорғау үшін сотқа немесе өзге де уәкілетті органдарға жүгінуге болады. Ұйқамақтың негізгі мәселелерінің бірі – бұл шара кейде формалды сипат алып, қылмыстың алдын алуға немесе күдіктінің не айыпталушының тергеу және сот процесі кезінде қатысуын қамтамасыз етуге қажетті нәтиже бермеуі мүмкін. Ұйқамақтың тиімді болуы үшін күдіктінің немесе айыпталушының нақты тұратын мекенжайы анық болуы және олардың тұрғын үйін сенімді күзету қажет, бұл тергеуден жасырынып қалу мүмкіндігін болдырмауға көмектеседі. Сонымен қатар, ұйқамақ күдіктіге немесе айыпталушыға теріс психологиялық әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде тергеу әрекеттері мен сот талқылауының нәтижесіне әсер етуі ықтимал. Тағы бір маңызды мәселе – кейбір жағдайларда күдіктінің немесе айыпталушының тұрғын үйі мүлдем болмауы немесе оның қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда ұйқамақ үшін қолайлы орынды қамтамасыз етуге қосымша уақыт пен ресурстар қажет болады. Ұйқамақ күдікті немесе айыпталушының жүріп-тұру еркіндігін, тұрғылықты жерін еркін таңдау құқығын шектеуі мүмкін. Сондықтан бұл шараны қолдану кезінде заңнамада көзделген барлық рәсімдердің қатаң сақталуы және оның орындалуына бақылау жасалуы тиіс. Жалпы алғанда, ұйқамақ белгілі бір жағдайларда тиімді бұлтартпау шарасы бола алады, алайда оның қолданылуына байланысты барлық аталған мәселелер мен қауіптерді ескеру қажет. Ұйқамақ қолдану туралы шешім қабылдағанда істің нақты жағдайларын, рәсімдердің сақталуын және күдікті немесе айыпталушы тұратын үйдің сенімді күзетілуін қамтамасыз ету маңызды. Ұйқамақ — бұлтартпау шараларының бірі ретінде қылмыспен күресте пайдалы бола алады, бірақ оны қолдану кезінде заңнаманы қатаң сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және күдіктінің немесе айыпталушының құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет. Ұйқамақ заңсыз ұстау немесе адвокаттық көмекке қолжетімділікке кедергі болмауы тиіс. Күдікті немесе айыпталушының адвокатпен байланыс орнатуға мүмкіндігі болуы керек және ол құқық қорғау органдары тарапынан қысымға немесе қорқытуларға ұшырамауы қажет. Ұйқамақ қолдану кезінде тағы бір өзекті мәселе – күдікті немесе

айыпталушының үйін күзетудің жеткіліксіздігі. Бұл жағдайда белгіленген шарттардың бұзылуы, сондай-ақ басқа адамдардың қауіпсіздігіне қатер төнуі мүмкін. Сол себепті, тұрғын үйге тиісті және жеткілікті күзет ұйымдастыру қажет, ол күдікті немесе айыпталушыны ғана емес, айналасындағы адамдарды да қорғауы тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы балама, ізгілендірілген құрал ретінде белгіленген. Бұл шара қамауға алуға қарағанда адам құқықтарына азырақ шектеу қоя отырып, күдікті, айыпталушы немесе сотталушыны қоғамнан оқшаулауға бағытталмаған, керісінше оны белгілі бір шеңберде ұстап, тергеуге кедергі келтірмеуді, сотқа қатысуын қамтамасыз етуді көздейді. Дегенмен, соңғы жылдары аталған шараны қолданудағы бірқатар құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелер бұл институттың толық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр. Төменде осы мәселелердің негізгі топтары мен олардың салдарларын қарастырып, жүйелі түрде талдап өтеміз.

Бірінші өзекті мәселе – заңнамалық регламентацияның толық болмауы және құқықтық олқылықтар. ҚР ҚПК-нің 146-бабы ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының жалпы сипаттамасын бергенімен, оның қолдану тәртібі, нақты шектеулердің түрлері мен көлемі, техникалық құралдар арқылы бақылау жүргізу тәсілдері, бақылау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілігі туралы егжей-тегжейлі регламент жоқ. Бұл жағдай құқық қорғау органдарының, тергеу судьяларының және соттардың бұл шараны қолдану кезінде әртүрлі интерпретациялар жасауына әкеледі. Заңда көрсетілген «басқа шектеулерді белгілеу» сынды жалпылама ұғымдар нақты құқықтық мазмұннан ада, бұл құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін бұзады және азаматтардың құқықтарын қорғауға кепілдік бермейді.

Екінші өзекті мәселе – ұйқамақ шарасын қолдану үшін қажетті шарттардың қатаңдығы. Қолданыстағы заңнамада күдіктінің немесе айыпталушының тұрақты немесе заңды түрде белгіленген тұрғын үйінің болуы ұйқамақ шарасын қолданудың алғышарты ретінде қарастырылады. Алайда Қазақстанда көптеген адамдар жалдамалы пәтерде тұрады немесе тұрақты тіркеусіз өмір сүреді. Бұл жағдайларда ұйқамақ шарасын техникалық тұрғыдан қолдану мүмкін болмайды. Бұл әлеуметтік теңсіздікке алып келеді, өйткені қамауға алмау мүмкіндігі азаматтардың мүліктік жағдайына байланысты болады.

Үшінші мәселе – техникалық және цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесінің жүйесіздігі мен шектеулілігі. Ұйқамақ шарасын тиімді бақылау үшін электронды мониторинг құралдарын – мысалы, GPS трекерлерін, мобильді қосымшаларды, бейнебақылауды қолдану қажет. Қазақстанда бұл бағытта FSM «Үй қамақ» сияқты пилоттық жобалар жүзеге асырылғанымен, олар тек жекелеген аймақтармен шектелген және заңнамалық тұрғыда толық

интеграцияланбаған. Сонымен қатар, барлық құқық қорғау органдары бұл құралдарды қолдануға дайын емес, кадрлар жеткіліксіз, техникалық жабдықталу деңгейі әртүрлі.

Төртінші өзекті мәселе – бақылау жүргізетін органдардың өкілеттілігінің нақты белгіленбеуі және жауапкершіліктің тарамдануы. Ұйқамақтағы тұлғаны бақылау ҚР Ішкі істер органдарына жүктелгенімен, бұл бақылау нақты қандай тәсілдермен жүзеге асырылады, қандай жағдайда шектеуді бұзу фактісі тіркеледі, қандай жазалау шаралары қолданылады – бұл сұрақтарға нақты, жүйелі жауап беретін норма жоқ. Бұл өз кезегінде бақылаудың сапасын төмендетіп, ұйқамақтағы тұлғаның шектеулерді бұзуына жол ашады.

Бесінші мәселе – сот практикасының біркелкі еместігі. Бір өңірлерде соттар ұйқамақты жиі қолданса, басқа өңірлерде ол мүлде сирек пайдаланылады. Бұл жағдай соттардың құқық қолданудағы субъективті көзқарастарымен, тәжірибесінің әртүрлілігімен, сондай-ақ тергеу органдары тарапынан ұсыныстардың жеткіліксіз немесе дұрыс дәлелденбеуімен байланысты. Жоғарғы Сот тарапынан ұйқамақ шарасын қолдану бойынша бірізді әдістемелік нұсқаулықтың болмауы да тәжірибедегі ала-құлалықтың бір себебі.

Алтыншы өзекті мәселе – құқықтық көмекке қолжетімділік пен әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі. Ұйқамақтағы тұлға қылмыстық процеске қатысушы ретінде адвокатпен кездесу, медициналық көмек алу, әлеуметтік қолдау секілді құқықтарын толыққанды жүзеге асыра алмауы мүмкін. Қазіргі заңнамада бұл мәселелер нақты регламенттелмеген, ал бақылаушы органдар олардың сақталуын қамтамасыз етуде дәрменсіз.

Жетінші мәселе – ұйқамақтың психологиялық және әлеуметтік салдарларын ескермей қолданылуы. Ұйқамақтың ұзақ мерзімге созылуы тұлғаның психологиялық жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін, әсіресе ол тұлға жалғыз тұратын болса немесе оның тұрақты әлеуметтік қолдау ортасы болмаса. Мұндай жағдайда тұлға қоғамнан оқшауланған күйге түсіп, психологиялық күйзелістерге ұшырауы мүмкін. Бұл оның тергеуге ынтымақтастығына, қорғау құқығын жүзеге асыруына кері әсер етеді.

Сегізінші мәселе – қоғамдық және тәуелсіз бақылау механизмдерінің жоқтығы. Ұйқамақтың заңды және адам құқықтарына сай жүзеге асырылып жатқанын бақылау үшін омбудсмен институты, қоғамдық бақылау кеңестері, ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық мониторинг жүргізу мүмкіндігі заңнамалық тұрғыда қарастырылмаған. Бұл – құқық қорғау жүйесінің ашықтығы мен есептілігін төмендететін фактор.

Тоғызыншы мәселе – қылмыстық саясаттың репрессивті бағытына басымдық берілуі. Қолданыстағы тәжірибе көрсеткендей, тергеу және сот органдары күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты ұйқамақты қолданудан гөрі қамауға алуды жөн көреді. Бұл үрдіс қылмыстық процестегі гуманистік принциптерге, жазаның жеке даралығы мен қажеттілігіне қайшы келеді.

Ұйқамақ бұл жерде қамауға балама шара ретінде қарастырылудың орнына қосалқы және сирек қолданылатын құрал ретінде қалып отыр.

Оныншы өзекті мәселе – ұйқамақты қолданудың тиімділігін бағалау критерийлерінің жоқтығы. Қазіргі таңда ұйқамақтың тиімділігін бағалайтын, оның қылмыстық процестегі нәтижесін анықтайтын нақты индикаторлар мен әдістемелер әзірленбеген. Сәйкесінше, бұл шараның қолданылуы тек сандық мәліметтермен ғана өлшенеді (қолдану саны), ал оның процеске, рецидивке, тұлғаның құқықтарының сақталуына әсері терең зерделенбейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға қатысты бірқатар өзекті құқықтық және практикалық мәселелер бар. Бұл олқылықтар тек заңнамалық түзетулермен ғана емес, сондай-ақ құқық қолдану практикасын жетілдірумен, сот және тергеу органдарының кәсіби деңгейін арттырумен, цифрлық технологияларды енгізумен және азаматтық қоғам институттарын тарту арқылы шешілуі тиіс. Бұл бағытта заңгер-ғалымдардың, сарапшылардың, құқық қорғау ұйымдарының ұсынымдары мен ғылыми тұжырымдары ерекше рөл атқарады. Ұйқамақ институтын шынайы балама және тиімді бұлтартпау шарасына айналдыру үшін Қазақстанда жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүргізілетін реформа қажет [11].

Сонымен қатар, ұйқамақ ұзақ уақытқа созылған жағдайда күдікті немесе айыпталушының жұмыс және жеке өміріне де әсер етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде күдікті немесе айыпталушы мен оның отбасы үшін елеулі қаржылық және әлеуметтік қиындықтарға әкелуі ықтимал. Сондықтан ұйқамақты қолдану кезінде осы факторларды ескеріп, оның теріс салдарын барынша азайту шараларын қарастыру қажет. Осылайша, ұйқамақ – бұл қылмыспен күресте тиімді бұлтартпау шарасы болып табылуы мүмкін, бірақ оны қолдануда заң талаптарын қатаң сақтау, туындайтын тәуекелдер мен мәселелерді ескеру өте маңызды. Күдіктінің немесе айыпталушының тұрғын үйін қорғаумен қатар, олардың құқықтары мен бостандықтарын да қорғау, сондай-ақ олар мен олардың отбасылары үшін әлеуметтік және қаржылық салдарларды назарға алу қажет. Сонымен бірге, ұйқамақ әмбебап шара емес екенін, барлық жағдайға бірдей келмейтінін ескеру керек. Мысалы, ауыр қылмыстар жасалғанда, күдікті немесе айыпталушы қоғам үшін қауіп төндіретін болса, ұйқамақ жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қоғам мен жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да бұлтартпау шараларын қарастыру қажет. Ұйқамақ қолдану құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне қосымша жүктеме түсіруі мүмкін. Бұл күдіктінің немесе айыпталушының тұратын жерін күзету, олардың қозғалысын бақылау және басқа да шарттардың орындалуын қамтамасыз етумен байланысты. Сондықтан ұйқамақтың тек тиімділігі ғана емес, оны қолданудың тиімді ұйымдастырылуы да аса маңызды. Ұйқамақтың жалпы құқықтық тәртіппен қоғамға түрлі әсері болуы мүмкін. Бір жағынан, ол қылмыспен күреске көмектесіп, жалпы қауіпсіздікті жақсартып алады. Екінші жағынан, егер ұйқамақ

тиісті бақылаусыз қолданылса немесе басқа мәселелермен қатар жүрсе, бұл құқық қорғау органдарына деген сенімсіздікке және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін. Осылайша, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында ұйқамақ – маңызды бұлтартпау шарасы, бірақ оны қолдану күрделі тәсілді, барлық мәселелер мен қауіптерді ескеруді қажет етеді. Ұйқамақты тиімді әрі әділетті қолдану үшін келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. Ұйқамақ қолданылуы мүмкін тұлғалар санатын кеңейту. Қазіргі таңда ұйқамақ Қазақстан Республикасында тұрақты мекенжайы жоқ күдіктілер мен айыпталушыларға ғана қолданылады. Алайда кейбір жағдайларда ұйқамақ басқа бұлтартпау шараларына қарағанда тиімді болуы мүмкін, тіпті тұрақты мекенжайы бар адамдар үшін де.

2. Күдікті немесе айыпталушының тұрғын үйінің күзетін тиімді ұйымдастыру. Қазіргі заңнамаға сәйкес, тұрғын үйді күзету тек белгілі бір жағдайларда ғана жүзеге асады. Алайда бұл жеткіліксіз болуы мүмкін, егер күдікті байланыс құралдарын пайдаланып немесе құқық қорғау органдарының бақылауынсыз үйден шығып кете алса. Сондықтан тұрғын үйге тиімді күзет орнату қажет.

3. Ұйқамақ шарттарының сақталуын қатаң бақылау. Қазіргі таңда бұл бақылауды құқық қорғау органдары жүзеге асырады. Бірақ бұл жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан техникалық құралдарды пайдалану арқылы бақылауды күшейту қажет.

4. Заңгерлік көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету. Ұйқамақтағы күдікті немесе айыпталушы заң көмегіне шектеулі қолжетімділікке ие болуы мүмкін. Сондықтан әділеттілікті және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін заңгерлік көмекке қолжетімділік міндетті түрде болуы тиіс.

5. Ұйқамақ кезеңінде ұсталушылардың тұрмыс жағдайларын жақсарту. Олар медициналық көмекке, азық-түлікке және басқа қажетті тауарларға қол жеткізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Осыған байланысты олардың өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша шаралар қабылдануы керек.

6. Ұйқамақтағы күдіктілер мен айыпталушылар үшін оңалту әдістерін әзірлеу. Олар психологиялық қысым мен әлеуметтік оқшаулануға тап болады. Сондықтан оларды қолдау үшін психологиялық және әлеуметтік оңалту бағдарламалары қажет.

7. Құқық қорғау органдарына ұйқамақты тиімді қолдану бойынша оқыту жүргізу. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шарттарды сақтау, ұйқамақты бақылау мәселелері бойынша арнайы білім беру қажет.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасындағы ұйқамақ шарасын жетілдіру үшін – оны қолдану аясын кеңейту, тұрғын үйге күзетті жетілдіру, шарттардың сақталуын бақылауды күшейту, заң көмегіне қолжетімділікті қамтамасыз ету, тұрмыс жағдайларын жақсарту, оңалту

шараларын енгізу және құқық қорғау органдарын арнайы даярлаудан өткізу қажет.

Кесте 3 - Қазақстан Республикасында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың аспектілері бойынша кешенді талдау кестесі

Өлшем	Қолданыстағы құқықтық база	Практикалық қолдану	Мәселелері мен тәуекелдері	Жетілдіру жолдары
1. Заңнамалық реттеу	ҚР ҚПК 146-бабы, 137-бабының 6-тармағы, ПМ, Бас прокуратура бірлескен бұйрықтары	Жалпы ережелерге сүйеніп қолданылады	Нақты регламенттердің, ұғымдардың жеткіліксіздігі, нормалардың жалпылығы	Арнайы заң немесе кодекске түсіндірме актілерді енгізу, шектеулер мен тәртіпті нақтылау
2. Қолдану шарттары	Тұрақты мекенжай, тергеуге кедергі келтірмеу қаупі, қылмыстың ауырлығы	Тұрақты тіркеуі жоқтарға қолдану қиын	Әлеуметтік әділетсіздік, шарттардың тым шектеулі болуы	Тіркеудің балама түрлерін қарастыру, уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету тетіктері
3. Техникалық бақылау құралдары	FSM «Үй қамақ» мобильді қосымшасы (пилоттық режим), бейнебақылау, GPS	Шектеулі өңірлерде, толық енгізілмеген	Техникалық қамсыздандырудың жеткіліксіздігі, кадр тапшылығы	Электронды білезіктер, цифрлық мониторингті заңдастыру, республика бойынша енгізу
4. Қадағалау органдарының функциялары	ПМ қызметкерлеріне жүктелген, сот қаулысын орындаушылар	Бақылау құралдары жеткіліксіз, реакция баяу	Бақылау жауапкершілігі мен алгоритмі нақты емес	Қадағалау рәсімдерін автоматтандыру, нақты нұсқаулықтар қабылдау

5. Сот практикасы	Соттар ұсыныс негізінде шешім қабылдайды	Өңірлік дисбаланс, қамауға артықшылық	Біркелкі тәжірибенің болмауы, стандарттар жоқ	ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысын қабылдау, бірыңғай тізілім енгізу
6. Құқықтық көмек пен кепілдіктер	Конституциялық құқықтар сақталуы тиіс	Адвокатпен кездесу шектелуі мүмкін	Заңгерлік, медициналық, әлеуметтік көмекке қолжетімділік шектеулі	Қамтамасыз ету бойынша ведомствоаралық стандарттар енгізу
7. Психологиялық және әлеуметтік аспектілер	Заңнамада қарастырылмаған	Психологиялық қысым, оқшаулану байқалады	Қоғамнан алшақтау, депрессиялық жағдайлар	Әлеуметтік және психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларын енгізу
8. Азаматтық және қоғамдық бақылау	Заңмен көзделмеген	Қоғамдық бақылау іске аспаған	Ашықтықтың болмауы, сенімсіздік	ҮЕҰ, омбудсмен, қоғамдық кеңестердің қатысуымен бақылау тетіктерін енгізу
9. Тиімділік көрсеткіштері	Статистикалық деректер бар	Талдау жүйелі емес	Критерийлердің болмауы	Бағалау индикаторларын (қайталама құқық бұзушылық, процестің сапасы) әзірлеу

2.2 Ұйқамдық түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың тиімділігін арттыру үшін қажетті құқықтық және практикалық шаралар

Қазақстан Республикасында ұйқамдық түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың тиімділігін арттыру – қылмыстық процеске қатысушылардың

құқықтарын қорғау, қылмыстық қудалау органдарының жұмысының сапасын жақсарту және құқық қорғау жүйесін ізгілендіру мақсатында өте өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта ұйқамаққа қатысты құқықтық реттеу мен оны қолдану тәжірибесі белгілі бір жетістіктерге қарамастан, бұлтартпау шарасының тиімділігіне күмән тудыратын бірқатар факторлармен сипатталады. Осыған байланысты бұл институтты жетілдіру үшін кешенді, жүйелі және жан-жақты құқықтық және практикалық шаралар қабылдау қажет [12].

Бірінші кезекте, заңнамалық базаны жетілдіру аса маңызды. Қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодекстің 146-бабында ұйқамақтың жалпы сипаттамасы берілгенімен, оның қолдану шарттары, тәртібі мен шектеулері толық көлемде нақты көрсетілмеген. Сондықтан, ұйқамақ шарасына қатысты егжей-тегжейлі құқықтық регламентті қамтитын арнайы нормалар әзірлеу қажет. Бұл нормаларда күдікті немесе айыпталушыға қандай шектеулер қойылатыны, бақылау қалай жүргізілетіні, қандай негіздермен шара тоқтатылатыны немесе қатаңдатылатыны анық жазылуы тиіс. Сонымен қатар, тергеу судьялары мен соттардың ұйқамақ туралы шешім қабылдау кезінде қандай дәлелдер мен негіздемелерге сүйенуі тиіс екендігі нақты көрсетілген әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар қажет [13].

Екіншіден, техникалық құралдарды енгізу мен пайдалану бойынша нақты регламенттер қабылдау маңызды. Ұйқамақтың тиімділігі тек заңмен белгіленген шектеулерге ғана емес, олардың нақты орындалуына байланысты. Ол үшін электрондық бақылау құралдарын — GPS трекерлер, электрондық білезіктер, мобильді қосымшалар сияқты технологияларды міндетті түрде қолдану тетіктері әзірленуі тиіс. Мысалы, FSM «Ұй қамақ» сияқты қосымшалар барлық өңірлерде толық енгізіліп, ҚР ІІМ мен Бас прокуратураның бақылауында болуы қажет. Мұндай технологиялар ұйқамақтағы тұлғаның нақты орналасқан жерін, қозғалысын және тыйым салынған әрекеттерді бұзу фактілерін тіркеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар мен құралдарды қолдану тәртібі, деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы, техникалық ақау жағдайындағы іс-әрекеттер нақты ережелермен бекітілуі тиіс [14].

